




АСТАНА

АҚШАМЫ

ҚЫЛҚАЛАМ ТАРТЫП ҚАЗАНАТ-ТАҒДЫР ЖЕЛЕДІ



«Қазақ – жылқы мінезді халық». Суретшілер Одағының мүшесі Жеңіс Кәкенұлының ҚР Тұңғыш Президенті музейінде ашылған «Сәйгүлік семантикасы-4» көрмесін тамашалаған көрерменнің санасында осы сөз жаңғырады. Суретші қазанат ұғымын қазақ болмысынан бөліп қарамай, жылқы мен адам бейнелерін тұтастыру арқылы Қамбар ата түлігін қайырымды серік, сенімді дос ретінде бейнелеген.

Көрмеге қойылған елу туындыдан әлмисақтан адамзат баласына тән сезімдердің: махаббаттың, мұң мен наланың лебі еседі. Суреттер де соған сай «Махаббат пен ғадауат», «Кентаврдың ғашығы», «Күдер» т.б. Шәкәрімнің «ән – өлшеуіш, өлең – күміс, қоспаңыз мыс аралас» деген өлең жолдарымен үндесіп тұрғандай. Яғни, бұлар жай ғана суреттер емес, автордың бірнеше өнерден хабары бар екенін білдіреді. Оны сөз бен әннің ойастарын бейнелеу өнерімен біріктіріп жібергенінен көруге болады. Мәселен, «Алтайдың Кербұғысы» атанған Оралхан Бөкейдің шығармашылығы Жеңіс Кәкенұлына әсер етіп, «Оралхан Бөкейді оқығанда» туындысының дүниеге келуіне себепші болыпты. «11 күнді еске алу» атты туындысы Батыраштың балтасы жайратқан Құлагерді елестетеді. «Байшұбар» суреті лиро-эпос заманына жетелеп, «Алпамыс батыр» дастанын еріксіз еске түсіреді.

Ахау, екі жирен,

Жалын түйген.

Жалғанда ғашығымсың-ау жаным сүйген...

«Екі жирен» суретін көргенде осылай әндетіп кеткің келеді.

Дәстүрлі ән өнеріміздің жарық жұлдыздарының бірі Біржан сал Қожағұлұлының «Айбозым» деген шоқтығы биік әні бар. Жеңіс Кәкенұлының осы аттас суретін де көрдік көрмеден.

Күйшілік өнерден ешкімге дес бермеген қазақ ХІХ ғасырда Дәулеткерей Шығайұлы секілді дарынды ұлды дүниеге әкелген. Осы Дәулеткерейдің бармағынан ондаған күйлер туса, соның бірі – «Қос алқа» күйі. Жеңіс суретші оны да қылқаламына арқау қылған.

...Сенің жаның жүрегіме ораулы,

Менің жаным жаулығыңа түйолі.

Суретшінің «Жалыңа ораулы» суреті осылай ән салдыртады.

Суреттерінің сөз бен ән өнерімен байланысы жайында автордың өзі «Менің шығармашылығым сөз бен саз өнерімен тығыз байланысты. Күні бойы тыңдайтыным – қазақтың музыкасы. Ол болмаса мен өзімді жалғыз сезініп қаламын. Музыканың өзі кей кезде былай сал, олай сал деп ырғаққа салып жібереді» дейді.

Жеңістің кей картиналары ұлттық сал-дәстүрлерімізден хабар береді. Әсіресе, «Бәсіреде» атасы өмірін жалғар ұрпағы – немересін боз құлынға мінгізіп, жетектеген сәті бейнеленген. Былай қарасаң, жеңіл көрініс сияқты. Алайда, авторды ең қатты толғандырған осы картина екен. Тіпті, қайта салып шыққан. Қайта салғаннан кейін де әр түрлі штрихтар қосып отырған. Сөйтіп, осы картинаны жазуға бір жылдай уақытын жұмсапты.

Ал, енді автор жылқы тақырыбына қалай келген? «Мен – малшының баласымын. Кішкентай күнімнен ат мінген адаммын. Әкем жылқыны қатты жақсы көрген. Маған құштарлық қан арқылы дарыған» деді. Алайда, бұл тақырыпты қырық жастың бел ортасына келгенде, осыдан 4-5 жыл бұрын ғана мықтап қолға алыпты. Содан 2011 жылы Астана қаласының Суретшілер Одағының көрме залында «Сәйгүлік семантикасы» атауымен алғашқы рет көрме өткізген. Былтыр Ұлттық академиялық кітапхананың көрме залы мен Қазіргі заман өнер мұражайында жалғастырды. Осымен сәйгүлік тақырыбына төртінші көрме өткізіп отыр. «Бұл тақырыптың түбіне жеттім, түгестім деп айта алмаймын. Шығармашылығымда «Кұстар», «Музыка» сериялары бар. Соларға оралуым мүмкін, бірақ тап қазір жылқылар сериясынан ажырай қоймаспын» дейді өзі бұл жөнінде.

Осындай көрме өтеді дегенде есімізге ақын Светқали Нұржанның қаламынан туып, марқұм Табылды Досымов арқылы елге жеткен:

Кездерде кейде қара бұлт айды бүктеген,

Үйіме үнсіз тұнжырап қайғырып келем.

Талықсып жатып, содан соң кетемін ұйықтап,

Ұйықтап кетсем түсімде сәйгулік көрем –

деген ән жолдары орала кеткен еді...

Аманғали ҚАЛЖАНОВ